

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес
акционерлік қоғамы

Ө.А. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

Тау-кен ісі кафедрасы

6B07205 - Тау-кен инженерия

Хуатбек Нұрмұхаммед

Тақырыбы: «Бестөбе» кен орны жағдайында жерасты қазу жұмыстарын жобалау

Дипломдық жобаға
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

6B07205 - Тау-кен инженериясы

Алматы 2025


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Ө.А. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

Тау-кен ісі кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі,
техн. ғылым. д-ры, профессор
 С.К. Молдабаев
«03» 06 2025ж.


Дипломдық жобаға
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Тақырыбы: «Бестөбе» кен орны бойынша жерасты кен қазу жұмыстарын жобалау

6B07205 - Тау-кен инженериясы



Хуатбек Нұрмұхаммед

Ғылыми жетекші
техн. ғыл. канд., қауым. проф
 А.Е. Куттыбаев
«03» 06 2025ж.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Ө.А. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

Тау-кен ісі кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі,
техн. ғылым. д-ры, профессор
С.К.Молдабаев
«03» 01 2025ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Білім алушы: Хуатбек Нұрмұхаммед

Тақырыбы: «Бестөбе» кен орны жағдайында жерасты қазу жұмыстарын жобалау

Университет ректорының «29» қантар 2025ж. № 26 -П/Ө бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі «09» 06 2025ж.

Дипломдық жобаның бастапқы деректері: Бестөбе кен орны Ақмола облысына қарасты Бестөбе кентінің аумағында, Степногорск қаласынан шамамен 90 шақырым қашықтықта орналасқан. Сонымен қатар, Астана қаласынан солтүстік-шығыс бағытта 200 шақырымдай жерде орын тепкен. Бестөбе алтын кені алғаш рет 1931 жылы жүргізілген көне тау-кен өндірісінің іздерін зерттеу барысында анықталған. Бұл кен орны 1932 жылдан бастап өнеркәсіптік игерілу кезеңіне өтті. Көп жылдар бойы жүргізілген барлау жұмыстары кеннің терең жатқан бөліктеріне дейін жетуге мүмкіндік берді. 1991 жылға дейінгі деректерге сәйкес, Батыс бөлігінде барлау ұңғымалары 745 метрге дейін, ал Орталық учаскеде 655 метрге дейінгі тереңдікті қамтыды. Кейбір жекелеген ұңғымалар 800–1000 метр тереңдікке дейін бұрғыланған. Кеннің жатысына келетін болсақ, кеннің қалыңдығы – 4м; 1-ші кен денесінің созылым ұзындығы – 250м; 2-ші кен денесінің созылым ұзындығы – 400м; 1-ші кен денесінің құлау ұзындығы – 600м; 2-ші кен денесінің құлау ұзындығы – 150м; 1-ші кен денесінің құлау бұрышы 60гр; 2-ші кен денесінің құлау бұрышы – 80гр; кеннің тығыздығы – 19.32т/м³;

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) кен орнының геологиялық сипаттамасы;

ә) кенді игерудің тиімді тәсілін таңдау;

б) кеннің қорлары және өнімділіктері;

в) оңтайлы қазу жүйесін таңдау;

г) бас оқпан түсетін жерді анықтау;

д) 1 тонна кеннің өзіндік құнын есептеу;

ж) еңбек қауіпсіздігін сақтау.

Графикалық материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс):

Кен орнының географиялық картасы, геологиялық көрсеткіші, ашу және даярлау тәсілдері, таңдалған қазу жүйесі, кен орынның бас жоспары, (қималар мен сызбалар AutoCAD бағдарламасында орындалып, А3 форматта шығарылып, дипломдық жұмыс ретінде тіркелген).

Жұмыс презентациясы слайдтарда 11 көрсетілген

Ұсынылған негізгі әдебиеттер: 10 атаулардан.

Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау

КЕСТЕСІ

Бөлімдердің атауы, зерттеп дайындалатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшілерге ұсыну мерзімі	Ескерту
Кен орнының тау-кен геологиялық сипаттамасы	29.01.2025ж-14.02.2025ж	
Кенішті ашу және даярлау	29.01.2025ж-14.02.2025ж	
Қазу жүйесі	24.02.2025ж-14.03.2025ж	
Кеніш көліктері	13.03.2025ж-31.03.2025ж	
Кеніш аэрология	07.04.2025ж-18.04.2025ж	
Еңбекті қорғау	15.04.2025ж-22.04.2025ж	
Экономикалық бөлім	28.04.2025ж-17.05.2025ж	

Аяқталған дипломдық жоба үшін, оған қатысты бөлімдерінің жобасын көрсетумен,
кеңесшілер мен норма бақылаушыларының қойған

қолдары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер (аты-жөні, тегі, ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған мерзімі	Қолы
Қазу жүйесі	қауымдастырылған профессор А.Е Куттыбаев	15.03.25ж	
Экономикалық бөлім	қауымдастырылған профессор А.Е Куттыбаев	21.04.25ж	
Еңбекті қорғау	қауымдастырылған профессор А.Е Куттыбаев	12.05.25ж	
Норма бақылаушы	Д.С Мендекинова		

Ғылыми жетекшісі _____ А.Е Куттыбаев

Тапсырманы орындауға білім алушы _____ Н.Хуатбек

Күні «__» _____ 2025

АНДАТПА

Дипломдық жобаның негізгі мақсаты – «Бестөбе» алтын кен орнының өнімділігін есептеп, қорларының орналасуы бойынша ашу және даярлау тәсілінің экономикалық тұрғыдан тиімді әдісін анықтап, кенді игеру үшін қауіпсіз және автоматтандырылу оңайлығын ескере отырып, тиімді қазу жүйесін таңдау болып табылады.

АННОТАЦИЯ

Основной целью дипломного проекта является расчет производительности золотого месторождения «Бестобе», определение экономически выгодного способа вскрытия и подготовки по расположению запасов и выбор эффективной системы разработки с учетом безопасной и простой в автоматизации разработки руды.

ABSTRACT

The main purpose of the thesis project is to calculate the productivity of the Bestobe gold deposit, determine an economically advantageous method of opening and preparing reserves, and select an effective development system based on safe and easy-to-automate ore mining.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	7
1 Ауданның географиялық-экономикалық сипаттамасы	8
1.1 Бұрын жүргізілген жұмыстарға шолу	8
2 Геологиялық бөлім	10
2.1 Стратиграфиялық ерекшеліктері	10
2.2 Тектоникалық құрылымы	11
2.3 Магматизм	12
2.4 Интрузивті құрылымдар	13
2.5 Кенорнының қалыптасу ерекшеліктері	14
2.6 Кеннің минералдық құрамы	14
2.7 Кенді аймақтағы кварц желілері мен олардың орналасу заңдылықтары	15
2.8 Кендердің технологиялық қасиеттері	16
2.9 Гидрогеологиялық жағдайы	17
3 Тау-кен жұмыстары	19
3.1 Кеніш өнімділігі	19
3.2 Ашу тәсілдері	19
3.3 ТЭК	21
3.4 П.К. Соболевскийдің графика-аналитикалық әдісі	23
4 Қазу жүйесі	25
4.1 Қазу жүйесін таңдау	25
5 Тау-кен көліктері	30
5.1 Бұрғылау қондырғысы	30
5.2 Сырмалау қондырғысы	31
5.3 Жеткізу көлігі	32
6 Кенді уату	33
7 Аэрология	35
7.1 Желдету	35
7.2 Желдеткіш	36
8 Экономика	37
8.1 Кеннің жүйелік өзіндік құны	37
8.2 Материалдар шығыны	37
8.3 Қуат шығыны	37
8.4 ДТҚ тозу жарнасы	38
8.5 Жабдықтар шығыны	38
8.6 Жалпы шығындар	39
9 Қауіпсіздік	40
9.1 Қауіпсіздік техникасы мен өндірістік санитария	41
Қорытынды	44
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	45
Кеніштің ашу сұлбасы	46
Кеніштің қазу жүйесі	47
Кеніштің бас жоспары	48

КІРІСПЕ

Бестөбе кен орны орналасқан аумақтың климаттық ерекшеліктері мен табиғи жағдайлары оны құрылыс-климаттық ауданға жатқызуға мүмкіндік береді. Топырақтың жылдық орташа температурасы +9 °С шамасында, бұл оң мән болып саналады. Алғашқы аяздар қазан айының басында тіркеледі.

Аймақтың негізгі шаруашылық бағыты – жайылымдық мал шаруашылығы. Сонымен қатар, бұл өңір қазіргі таңда тау-кен және кен байыту өндірістерінің дамуымен игерілу үстінде.

Қазіргі экономикалық үдерістердің күрделілігі мен өзгергіштігі кәсіпорындардың барлық әлеуетін барынша тиімді пайдалануды талап етеді. Қазақстан экономикасының бүгінгі жағдайында бірқатар өзекті мәселелер байқалады, соның ішінде:

- ұлттық экономиканың әлі де шикізатқа тәуелді бағытта дамуы;
- әлемдік нарыққа интеграциялану деңгейінің төмендігі;
- ел ішіндегі саларалық және өңіраралық экономикалық байланыстардың әлсіздігі;
- өңдеу өнеркәсібінің еңбек өнімділігінің төмендігі;
- ішкі нарықтағы тұтынушылық сұраныстың жеткіліксіздігі;
- өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымның жеткілікті дамымауы;
- мұнай-газ және кен өндіру секторынан тыс салалардағы негізгі қорлардың тозу деңгейінің жоғары болуы;
- кәсіпорындардың техникалық және технологиялық жағынан артта қалуы;
- ғылым мен өндірістің арасындағы байланыстардың әлсіздігі;
- ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (ҒЗТКЖ) бөлінетін қаржы көлемінің мардымсыздығы;
- отандық ғылымның нарықтық экономика талаптарына толық бейімделмеуі және ғылыми жаңалықтардың өндірістік өнімге айналу тетіктерінің жеткіліксіздігі;
- кадр даярлау және қайта даярлау жүйесінің заман талабына сай болмауы;
- қаржы ұйымдарының өндірістік секторларға инвестиция құюға ынтасының төмендігі;
- басқару жүйесінің жаһандану және технологияға негізделген экономикалық модельге бейімделуінде кемшіліктердің болуы.

Мұндай мәселелерді шешу үшін инновациялық стратегияларды жүзеге асыру қажет. Ол үшін кәсіпорынды басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру, басқару құрылымын оңтайландыру, мотивациялық және ұйымдық тетіктерді енгізу маңызды. Бұл жүйе тек қана өндірістік тәуекелдер мен тұтынушы сұраныстары арасындағы байланысты емес, сонымен қатар инновациялық белсенділікке серпін беретін факторларды да қамтуы тиіс.

1 Ауданның географиялық-экономикалық сипаттамасы

Бестөбе кен орны Ақмола облысына қарасты Бестөбе кентінің аумағында, Степногорск қаласынан шамамен 90 шақырым қашықтықта орналасқан. Сонымен қатар, Астана қаласынан солтүстік-шығыс бағытта 200 шақырымдай жерде орын тепкен.

Өңірдің экономикасында жетекші орындарды тау-кен өндірісі, егін шаруашылығы мен мал шаруашылығы алады. Электр энергиясымен қамту "KEGOC" акционерлік қоғамының электр желілері арқылы іске асырылады. Ал материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз ету Ақсу кентінде орналасқан "Қазақалтын ТКМК" АҚ-ның жабдықтау базасы арқылы жүзеге асырылады.

Геоморфологиялық тұрғыдан алғанда, бұл аймақ өсімдіктер сирек кездесетін аласа таулы жазық өңірге жатады. Жер бедерінің абсолюттік биіктігі шамамен 170-180 метр аралығында.

Аудан климаты күрт континенталды сипатқа ие. Жаз мезгілінде күн көлеңкесіндегі ауа температурасы $+30^{\circ}\text{C}$ -тан $+35^{\circ}\text{C}$ -қа дейін көтерілсе, қыс айларында -35°C -тан -40°C -қа дейін төмендейді. Жылдық орташа температура $+1,1^{\circ}\text{C}$ шамасында. Жауын-шашын көлемі бір жылда 180-380 мм аралығында түседі. Қар жамылғысы жұқа болып келеді, ал топырақтың қату тереңдігі 1,5–2,0 метрге жетеді. Кен орны маңында құрылысқа қажетті жергілікті материалдар – құм, саз, саздақ, әктас және қиыршық тас кездеседі. Алайда су ресурстары бұл өңірде өте шектеулі.

Геологиялық жағынан Бестөбе алтынды кварц-желілі кен орны гидротермалдық типке жатады. Онда алтын жоғары концентрацияда кездесетін кварц желілері бар. Минералогиялық құрамына қарай бұл кен орны алтын-кварц формациясына жатқызылады.

Алтын құрамды кен Бестөбе байыту фабрикасында өңделеді. Бұл жерде алдымен гравитациялық әдіспен ірі алтын бөлініп алынады, ал қалған өнім флотациялау арқылы қосымша өңдеуден өтеді [1].

1.1 Бұрын жүргізілген жұмыстарға шолу

Бестөбе алтын кені алғаш рет 1931 жылы жүргізілген көне тау-кен өндірісінің іздерін зерттеу барысында анықталған. Бұл кен орны 1932 жылдан бастап өнеркәсіптік игерілу кезеңіне өтті.

Көп жылдар бойы жүргізілген барлау жұмыстары кеннің терең жатқан бөліктеріне дейін жетуге мүмкіндік берді. 1991 жылға дейінгі деректерге сәйкес, Батыс бөлігінде барлау ұңғымалары 745 метрге дейін, ал Орталық учаскеде 655 метрге дейінгі тереңдікті қамтыды. Кейбір жекелеген ұңғымалар 800–1000 метр тереңдікке дейін бұрғыланған.

1973 жылы кен орнындағы кварц желілі учаскелерден бөлек, жаңа «Дальняя» аймағы анықталды. Кейінгі зерттеулер бұл аймақтың морфологиялық тұрғыдан өзгеше екенін көрсетті. Белгілі болғандай, бұл бөліктің жыныстары

карқынды гидротермалдық өзгерістерге ұшырап, сульфидті және кварцты минералдармен қаныққан брекчияланған жыныстардан құралған.

Бұл типтегі алтын кендерінің сапасы салыстырмалы түрде төмен болғанымен, алтынның мөлшері тұрақты және экономикалық тұрғыдан тиімді деңгейде кездеседі.

1967 жылы Ақсу–Балюстин кен алабы мен Бестөбе кен орнының шегінде кешенді геофизикалық зерттеулер жүргізілді. Бұл жұмыстар Солтүстік Қазақстан геофизикалық экспедициясының негізінде Лазова А.Г., Порфилкин Э.Г. және басқа мамандардың қатысуымен жүзеге асырылған.

Кен орнында геологиялық, құрылымдық және минералогиялық сипаттағы зерттеулер кең ауқымда жүргізілді. Бұл зерттеулерге бірқатар танымал ғалымдар, атап айтқанда: Г.Н. Шавкин, Ш.Х. Сүлейменов, А.В. Воронов, П.И. Шумихин, К.Т. Тлеубергенов, В.И. Гришин, Г.В. Левин, В.А. Нарсеев, М.М. Старова, Г.М. Жәуітов және В.Н. Матвиенко сынды мамандар өз үлесін қосты. Зерттеу нәтижелері кен орнының геологиялық құрылымын тереңірек түсінуге және бағалауға мүмкіндік берді.

Соңғы жылдары Бестөбе кенішінде терең қабаттарда (500–745 м) орналасқан кварц-желілі типтегі кендерді өндіру құнының жоғары болуына байланысты, жер бетіне жақын орналасқан, ашық әдіспен өңдеуге келетін жаңа минералданған аймақтарды анықтау қажеттілігі туындады. Бұл кендердің алтын құрамы төмен болғанымен, оларды үймелеп шаймалау арқылы өңдеуге қолайлы, бұл әдіс қазіргі заманғы тиімді технологиялық тәсілдердің бірі ретінде қарастырылады.

2001 жылы жүргізілген барлау жұмыстары нәтижесінде С1 және С2 санатындағы қорлар есептеліп, барланған аумақтағы алтын құрамының таралуы зерттелді. Бұл талдаулар зерттелген кен типінің қорларын арттыру мүмкіндігін бағалауға мүмкіндік берді.

2012 жылы кеніштің орталық бөлігіндегі тотығуға ұшыраған кендер үшін техникалық-экономикалық негіздеме (ТЭН) дайындалып, осы бөліктегі кен қорларын толық есептеу бойынша жұмыстар атқарылды [1].

2 Геологиялық бөлім

2.1 Стратиграфиялық ерекшеліктері

Бестөбе кен орны төменгі палеозой кезеңіне тән тектоникалық құрылымдар бойында, Ерейментау-Нияз және Ешкіөлмес көтерілімдері аралығында орналасқан Сілеті геосинклинальды ойысының аумағында орналасқан.

Аймақтың стратиграфиялық даму процесі силур мен пермь дәуірлерін қамтитын орогендік кезеңмен қатар жүріп, бұл кезеңде магмалық белсенділіктің жоғарғы деңгейі байқалған. Осы тектоникалық өзгерістердің нәтижесінде Арал және Бурабай интрузивтік кешендеріндегі гранитті және аляскитті интрузиялар қалыптасты. Магматизмнің соңғы кезеңі жоғарғы палеозойда басталып, граносиенит-порфирлер, ортоклазды аляскиттер, гранит-порфирлер мен долериттер сияқты жыныстардың түзілуімен аяқталды.

Бұл өңірде кембрий және ордовик кезеңіне тән шөгінді жыныстар кездеседі. Олардың арасында төменгі, ортаңғы (еркебидай свитасы) және жоғарғы ордовик (ангресор мен жарсор свиталары) қабаттары бар. Силур мен таскөмір дәуірлерінің шөгінді жыныстары грабендік құрылымдағы жеке мұльдалар түрінде байқалады.

Интрузивтік жыныстар жоғары ордовиктің гранитоидтарымен (Қырыққұдық интрузивтік кешені), сондай-ақ Степяк кешенінің ұсақ интрузияларымен және Арқалық массивінің желілік әрі сақиналы құрылымдарымен үйлесім табады. Мезокайнозой дәуіріндегі борпылдақ шөгінді жыныстар Сілеті-теңіз ойысының солтүстік-шығыс бөлігінде таралған.

Аудандағы тектоникалық құрылыстың қалыптасуы каледон және герцин тектоникалық қозғалыстарымен тікелей байланысты. Геологиялық зерттеулер нәтижесі бойынша каледондық қозғалыс кезінде Сілеті ойысының құрылымдары мен Қырыққұдық интрузиялары қалыптасқан.

Бестөбе кен орны шамамен 4 км² аумақты қамтиды. Кен денелері, негізінен, орта ордовик кезеңіне жататын туфогенді-шөгінді жыныстарда орналасқан. Бұл жыныстар гранитоидтардың ұсақ интрузияларымен және әртүрлі бұзылымдармен (диабаз, плагиогранит, гранит порфиі және т.б.) тілімделген.

Төменгі–орта ордовик жыныстарының стратиграфиялық жіктелімі мынадай қабаттардан тұрады:

1) *төменгі құмтасты қабат* — сұр түсті, ұсақ түйіршікті құмтастар мен қара саздақтардың кезектесуімен сипатталады. Жыныс қабаттарының қалыңдығы шамамен 15–35 см аралығында болады.

2) *сұр және ұсақ түйіршікті құмтастар* — сирек кездесетін (3 см-ге дейін) кальцийлі аргиллит және пелитоморфты әктастармен қабаттасқан. Құрамындағы құмтастар көбіне аргиллиттермен араласып жатады. Жалпы қалыңдығы шамамен 50 м-ге дейін жетеді.

Орта ордовик кезеңінің еркебидай свитасының жоғарғы қабатында, төменгі құмтас-аргиллит қабаты кездеседі:

1) *құмтасты қабаттар* — құрамында кварц пен плагиоклаз болатын әртүрлі түйіршікті құмтастардан құралған. Полимикті құмтастарда андезит, андезит-базальтты жыныстардың аргиллиттері мен эффузивті жыныстардың бұрыштық сынықтары басым. Қабаттың жалпы қалыңдығы шамамен 25 м.

2) *құмтас пен аргиллиттердің қабаттасуы* — бұл жыныстардың жалпы қалыңдығы 30–40 м шамасында.

3) *жұқа түйіршікті құмтастар мен әртүрлі түйірдегі аргиллиттер* — қабаттар күрделі өзгергіш қалыңдықпен сипатталады, бұл олардың шөгінді жағдайларына байланысты алуан түрлілігін көрсетеді [2].

2.2 Тектоникалық құрылымы

Бұрын атап өтілгендей, Бестөбе кен орны Ешкіөлмес және Ерейментау көтерілімдері арасындағы геосинклинальдық майысу аймағында орналасқан. Кен алаңы тікелей Бестөбе парасинклиналь аймағының солтүстік бөлігінде, орталық беткейге жақын маңда шоғырланған. Бұл аймақ Солтүстік-Батыс синклинальды майысу құрылымы ретінде сипатталып, ордовиктік жыныстардан құралған, олардың негізгі литологиялық құрамын құмтастар, алевролиттер және қабатты аргиллиттер құрайды.

Кембрий және ордовик жүйелеріне жататын жыныстардың қимасына сүйене отырып, төменгі және орта ордовик шөгінділері солтүстік-шығыс бағытта таралып, олардың жату бағыты мен еңіс бұрыштары анықталған. Қатпардың батыс (оң жақ) қанатында үшінші ретті антиклиналь қалыптасқан, оның осі солтүстік-шығысқа бағытталған. Бұл құрылымның оңтүстік-шығыс қанаты тік бағытта ($70\text{--}80^\circ$) құласа, солтүстік-батыс қанаты салыстырмалы түрде жайпақ ($50\text{--}55^\circ$) болып келеді. Солтүстік-Батыс синклиналь аймағында орта және жоғарғы ордовикке жататын еркебидай және ангресор свиталарының шөгінділері дамыған. Бұл жыныстар төменгі және орта ордовик түзілімдерінің үстінде орналасып, құрылым бағытымен солтүстік-шығысқа қарай созылады.

Синклинальдық аймақтың оңтүстік-шығыс қанатында еркебидай свитасының шөгінділері симметриялы қатпарлар түрінде байқалады. Қатпар осі солтүстік-шығыс бағытына қарай $10\text{--}15^\circ$ бұрышпен еңістенген. Қатпар қанаттарының құлау бұрышы $70\text{--}75^\circ$ аралығында, ал ұзындықтары 200–600 метрге дейінгі аралықты қамтиды.

Кенорында ордовиктік және интрузивтік жыныстар қатпарлану фазалары әсерінен әртүрлі дислокациялық құрылымдармен — жарылымдар мен жарықшақтармен күрделене түскен. Бұл тектоникалық бұзылымдар кеннің морфологиясы мен минералдану жағдайына елеулі әсер ететін негізгі құрылымдық элементтер ретінде сипатталады.

2.3 Магматизм

Бестөбе кен орны орналасқан аумақта интрузивтік тау жыныстарының қалыптасуы такон тектогенезінің жоғары қатпарлану фазасымен байланысты.

Бұл фаза Солтүстік Қазақстан аймағында алтын металлогениясының аса белсенді даму кезеңі ретінде сипатталады. Аймақтағы алтынның кендену процестері каледон кезеңінде орын алған интрузивтік кешендердің барлық сатыларымен байланысты болғанымен, бұл байланыс әртүрлі дәрежеде байқалады. Қырыққұдық ірі интрузияларының қалыптасуы тікелей алтынды кенорындардың пайда болуымен сәйкес келетін интрузивтік фазада жүргені туралы жорамал бар. Осындай генетикалық байланыс дала кешенінің, бор дәуірінің интрузияларымен және гранит-аляскит-сиенит құрамындағы кейінгі жыныстармен де байқалады. Дегенмен, алтын кенденуінің қарқындылығы барлық кешендерде бірдей емес және ол нақты интрузивтік жағдайларға – жыныстардың құрамы мен олардың геологиялық ортадағы орнасу ерекшеліктеріне тікелей байланысты болады.

Интрузивтік жыныстардың негізгі көріністерін екі кезеңге бөлуге болады:

1) *рифей–төменгі кембрий дәуіріне* жататын интрузивтер ультранегізді жыныстармен, габбро және плагиограниттермен ұсынылған. Ультранегізді жыныстар гипербазиттік формацияның типтік өкілдері болса, габбро – габбролық формацияға жатады. Бұл екі формация геосинклинальдық дамудың бастапқы сатыларына тән литологиялық бірліктер ретінде қарастырылады.

2) *солтүстік Қазақстан каледонидтері* үшін қатпарлықтың соңғы және шешуші фазасы – такон тектогенезінің жоғары қатпарлану кезеңі болып саналады. Бұл кезеңде Қырыққұдық интрузивтік кешенінің гранитоидты жыныстарының ауқымды массивтері қалыптасқан, олар өңірдің магмалық белсенділігінің негізгі көріністерінің бірі болып табылады.

2.4 Интрузивті құрылымдар

Бестөбе кен орны аумағында кең таралған интрузивтік жыныстардың негізгі түрлері – габбро-диориттер мен диориттер. Бұл жыныстар Батыс кен учаскесінің интрузиялық массивін және Орталық бөлікшенің басым бөлігін құрайды. Интрузивті денелердің басым бөлігін амфибол-пироксенді габбро-диориттер құрайды, олар көбіне орташа түйіршікті және массивтік құрылымымен ерекшеленеді. Бұл жыныстардың құрылымдық ерекшелігі – ірі кристалды биотит, мүйізсалдамыш және пироксен минералдарының басымдығымен айқындалады. Сонымен қатар, жыныс құрамында плагиоклаз, калийлі және дала шпаттары, кварц және акцессорлық минералдар кездеседі. Түсті минералдардың үлесі шамамен 10% құрайды, бұл жынысқа лейкократтық сипат береді.

Пироксенді габбро-диориттер тығыз құрылымды, орта және ұсақ түйіршікті түрде кездеседі. Макроскопиялық деңгейде олар амфиболды габбро жыныстарынан айқын ажыратылады. Себебі бұл жыныстарда сұр түсті фон аясында аздаған ұзын пішінді плагиоклаз кристалдары ерекше көрінеді.

Басқа интрузивтік жыныстар көбінесе Батыс учаскесіндегі интрузиялық денелердің жиегінде, шеткі аймақтарында байқалады. Интрузияларға жақын

орналасқан ордовик жыныстары қалыңдай түсіп, интрузивтерге жанасқан бөліктерінде қайта кристалданып, ұсақ түйіршікті формаға өтеді.

Кен орнының орталық бөлігінде порфириттік құрылымды кварцты диориттер айтарлықтай кең таралған. Олар шағын массивтер түрінде көрінеді және бұл олардың ішкі құрамына, минералдардың таралу сипатына әсер етеді. Жыныстардың құрамдық және құрылымдық өзгерістері тереңдікке қарай күшейе түседі.

Г.Н. Назимов, В.И. Фельдман және Ю.С. Шалаев сынды геологтар Батыс және Орталық бөлікшелер аумағынан кварцты диориттер мен оларға қосымша тоналиттік интрузивтерді бөліп көрсеткен. Бұл денелер ұзындығы 160–200 м, ал ені 5–50 м аралығында болып келеді. Тереңдікке байланысты олардың көлемі ұлғайса да, бастапқы пішінін сақтайды. Бұл жағдай кен орнының көлденең қимадағы көрінісін сипаттауға мүмкіндік береді. Интрузиялар орталық бөлікте белгілі бір қашықтықтармен қайталанып орналасқан.

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, кварцты диориттер мен тоналиттердің габбро-диориттік массивтерді жарып өтетіні, кейде оларды бұзатыны анықталған. Қосымша интрузивтер – тоналиттер мен плагиограниттер де Батыс және Орталық бөлікшелердің аумағында кездеседі. Бұл жыныстар ордовик жыныстары кең таралған аймақтарда шағын интрузивті денелер түрінде орналасқан.

Олардың құрамы порфиробласт құрылымды ұсақ кристалды жыныстармен сипатталады. Негізінен плагиоклаз, сирек жағдайда биотит және кварц кристалдары кездеседі. Бұл жыныстар негізгі интрузивтер – габбро-диориттермен және диориттермен генетикалық байланысқа түсіп, терең аймақтарда ксенолиттер түрінде байқалады. Барлық интрузивтік кешенге жататын жыныстар серициттену, хлориттену және пневматикалық-гидротермалды метасоматоз процестерінің әсерінен өзгеріске ұшыраған [3].

2.5 Кенорнының қалыптасу ерекшеліктері

Бестөбе кенорны – орташа температура жағдайында пайда болған, кварц-желілі типтегі кенорындардың қатарына жатады. Бұл кенорынның түзілуін түсіндіруде құрылымдық-тектоникалық, литологиялық және магмалық факторлар басты рөл атқарған. Әсіресе гранитоид құрамындағы интрузивті түзілімдер кендену процестерінің басты алғышарты болғаны анық. Алдыңғы бөлімдерде айтылғандай, кенорын Бестөбе парасинклиналының ең терең солтүстік-батыс қанатымен шектелген және екінші реттік құрылымдық элемент ретінде сипатталады.

Аталған аймақтың геологиялық қимасы туфогенді жыныстармен, полимикт құмтастармен және төменгі мен орта ордовикке тән алевролиттер мен аргиллитті қабаттасқан құмтастардан тұрады. Бұл жыныстардың түзілу барысында күрделі бұзылу жүйелері қалыптасып, аймақтың құрылымын едәуір күрделендірді.

Диоритті құрамдағы интрузивтік жыныстардың енуінен кейін, өңір қайтадан тектоникалық әсерлерге ұшыраған. Бұл процестердің нәтижесінде солтүстік-шығыс бағыттағы жарылымдар бойымен шөгінді және интрузивтік жыныстар жеке блоктарға бөлініп кеткен. Жекелеген жағдайларда бұл блоктар 25–30 метрге дейінгі вертикальды ығысуға ұшыраған, соның салдарынан жылжымалы және көтерілмелі қозғалыстар байқалған.

Кенорынның қалыптасуындағы соңғы сатыларда бұзылған құрылымдар бойымен жарықшақ-желілі жүйелердің пайда болғаны анықталған. Бұл жарықшақтар – кенденудің тікелей локализацияланатын аймақтары. Кендену сатылары бірізділікпен бірнеше минералдану кезеңдеріне жіктеледі:

1) метасоматоздық өзгерістер нәтижесінде қабыршақ түрінде пирит минералының түзілуі алғашқы кезең ретінде анықталады.

2) шеелит-кварцты кезең – барлық жарықшақтарды толтырған басты және ең маңызды алтын кендену кезеңі болып есептеледі.

3) алтын-кварц-карбонатты-полиметаллды фаза – негізгі экономикалық мәнге ие рудалардың қалыптасуын қамтиды.

4) хлорит-анкерит-кварцты кезең – метасоматоздық процестердің жалғасы ретінде көрініс табады.

5) антимониттік кезең – сирек кездесетін, бірақ геохимиялық мәні бар фазалардың бірі.

6) кальцитті кезең – кенорын қалыптасуының соңғы сатысында дамитын кеш фаза.

Осы кезеңдер бір-бірімен генетикалық байланыста болып, кенорынның күрделі құрылымын және оның металлогендік ерекшеліктерін айқындайды.

2.6 Кеннің минералдық құрамы

Бестөбе кенорының минералдық құрамын сипаттайтын басты— кварц желілерінде қалыптасқан кен минералдарының алуан түрлілігі. Бұл минералдар негізгі (жиі кездесетін) және қосалқы (сирек кездесетін) болып екі топқа бөлінеді.

Кен денелеріндегі негізгі рудалы минералдар қатарына арсенопирит, пирит, антимонит, галенит, шеелит және әртүрлі сульфотұздар жатады. Сонымен қатар, сирек кездесетін минералдардан бурнонит, фаматенит, иорданит, тетраэдрит, алтаит және бертиерит сияқты компоненттер анықталған.

Алтын – бұл кенорындағы басты өндірістік маңызы бар элемент ретінде ерекшеленеді. Онымен қатар өндірістік мәнге ие ілеспе компоненттерге құрамында сәйкесінше 2,6 г/т мөлшерінде күміс пен 0,71% деңгейіндегі мышьяк (күшәлә) жатқызылады.

Арсенопирит – кеніштің ең кең таралған минералы. Ол кварц желілерінің ішінде де, пиритпен бірге гидротермалды өзгеріске ұшыраған таужыныстарда да байқалады. Минерал тығыз, ұсақ дақ түрінде және көбіне дұрыс емес формаларда кездеседі. Арсенопириттің генерациялық ерекшеліктеріне байланысты, негізгі таужыныстарда пайда болған арсенопирит бірінші

генерацияға, ал кварц агрегаттарында байқалатын түрлері екінші генерацияға жатқызылады.

Пирит – таралуы бойынша арсенопириттен кейінгі екінші орында. Ол да кварц желілерінде және өзгеріске ұшыраған жыныстарда кездеседі. Петрографиялық зерттеулер пириттің екі генерациясын бөліп көрсетеді. Біріншісі негізгі жыныстардың гидротермалды қайта кристалдануы нәтижесінде пайда болған, ал екіншісі сирек және негізінен кенорынның терең деңгейлерінде орналасқан кварцты агрегаттарда шоғырланған. Бірінші генерациялы пирит кристалдарының өлшемі шамамен 0,01–0,05 см аралығында және жынысқа шашыраңқы күйде таралған.

Антимонит кварц желілерінде, көбінесе ұя пішінді формада кездеседі. Ол негізінен кенорынның ендік және сирек жағдайда солтүстік-батыс бағыттағы құрылымдық бөліктерінде таралған.

Галенит – кварц түйірлерінде жиі ұшырасатын, бірақ аз мөлшерде кездесетін минерал. Ол ұя және желі тәрізді пішінде көрінеді. Көбіне сульфотұздармен бірге алтынмен генетикалық байланысты түрде түзіледі.

Алтынның морфогенезі үш негізгі генерацияға бөлінеді.

- бірінші генерация жоғары температуралы пирит пен арсенопирит минералдарымен генетикалық байланыста.

- екінші генерация кейінгі кен минералды ассоциациялармен байланысты және сульфидтермен бірге пайда болады. Бұл алтын пішін жағынан пластина, ұсақ түйір, губка тәрізді немесе жеке кристалл ретінде сипатталады.

- үшінші генерация – кенорын үшін ең құнды болып есептеледі. Ірі түйірлі алтын минералдардың барлық сульфидті тобына тән рудалармен бірге кездеседі.

2.7 Кенді аймақтағы кварц желілері мен олардың орналасу заңдылықтары

Бестөбе алтын кенорнындағы кварц желілерінің таралуы кен алаңын төрт құрылымдық бөлікке жіктеуге мүмкіндік береді: Батыс, Орталық, Шығыс және Солтүстік аймақтар. Қазіргі таңда өнеркәсіптік маңызы бар желілер Батыс, Орталық және Шығыс бөліктерде шоғырланған. Солтүстік аймақта шамамен 1,5 км қашықтықта орналасқан кварц желілерінде алтынның өндірістік концентрациясы анықталмағандықтан, ол өнеркәсіптік тұрғыда қызығушылық тудырмайды.

Кварц желілерінің басым бөлігі ордовик кезеңіне жататын шөгінді жыныстар арасында, плагиограниттер мен гранит-порфир интрузияларының, сондай-ақ олардың дайкаларының маңында орналасқан.

Батыс аймақтағы кварц желілерінің негізгі бағыт-бағдары оңтүстік-батысқа қарай созылады, олардың шамамен 30–32%-ы ендік бағытта орналасқан. Бұл аймақтағы кен денелерінің таралуына габбро және кварц-диорит интрузиялары әсер етеді. Құрылымдардың ұзындығы айтарлықтай өзгеріп отырады: солтүстік-батыс бағытында созылған және интрузивті денелерге параллель жатқан желілердің ұзындығы 300–400 м-ден 700–900 м аралығында

(мысалы, Оңтүстік №4 және Солтүстік №6 желілері), ал ендік бағыттағы желілер әдетте 250–300 м-ге дейін жетеді. Басты тектоникалық бұзылыстарға сәйкес келетін негізгі желілер: Оңтүстік №4, Оңтүстік №1 және Солтүстік №6, бір-бірінен орташа 120–140 м қашықтықта орналасқан.

Орталық аймақтағы кварц желілерінің қалыптасуы кішігірім интрузивтік денелер мен олардың қосылыстарының қатысуымен жүретін гидротермальды процестерге байланысты жүзеге асады. Бұл бөлік Батыс аймақпен салыстырғанда құрылымдық жағынан біршама ерекшеленеді. Мұнда плагиогранит, гранит порфирлі дайкалар мен ұсақ кварц-диорит интрузиялары кең таралған. Бұзылу аймақтарына жататын басты құрылымдар – диагональды Шығыс және Батыс бағыттағы жарылымдар, олардың арақашықтығы шамамен 120 м.

Орталық бөліктегі кварц желілерінің басым бөлігі оңтүстік-батыс және солтүстік-шығыс бағытында 40–55° бұрышпен созылып, тектоникалық жарылымдарға сәйкес орналасқан. Оңтүстік-батыс бағыттағы желілер негізінен бөлікшенің орталық және оңтүстік-батыс бөліктерінде шоғырланған. Олардың қатарына №182, 13, 26, 261, 2611 ұңғымалары және №11, №4, №14 сияқты желілер жатады. Бұл жүйедегі желілердің ұзындығы 50–70 м-ден бастап 300–350 м-ге дейін жетеді және 80–90 м арақашықтықта параллель орналасқан. Солтүстік-шығысқа бағытталған желілер кен алаңының оңтүстік бөлігіндегі Дальняя желісімен және солтүстіктегі №24, №22, №12 желілерімен шектеледі. Бұл желілердің ұзындығы да шамамен бірдей болып келеді және олар Шығыс бөлікшенің кенді денелерінің таралу шекарасын анықтайды.

2.8 Кендердің технологиялық қасиеттері

Бестөбе кенорнындағы желілік типтегі кендердің таралу сипатын талдау барысында, кен минералдары тек жер бетіне жақын аймақтарда ғана емес, әртүрлі тереңдіктерде де бірдей құрылымдық топтарға бірігетіні анықталды. Бұл тұжырым ұңғымалық бұрғылау деректеріне сүйенген құрылымдық-геологиялық зерттеулермен расталады, атап айтқанда, барлау ұңғымаларынан 900–1000 метр тереңдікте алынған мәліметтер осыны дәлелдейді.

Кендердің химиялық құрамы олардың аз сульфидті, таза алтын-кварцты типке жататынын көрсетеді. Бұл кендерде сульфидтердің үлесі төмен және олар кварцпен бірге кездесетін формаларда сипатталады. Өндірістік және болашақ қорларды есепке ала отырып, Батыс бөлікте орташа алтын мөлшері 26,0 г/т болса, Орталық бөлік үшін бұл көрсеткіш 37,9 г/т шамасында бағаланады.

Алтын арсенопирит, галенит, халькопирит, сфалерит және солғын сульфидті минералдармен ассоциацияланған түрде кездеседі. Аталған минералдар ішінен өнеркәсіптік тұрғыда тек алтын мен күміс алынады. Сонымен қатар кеннің құрамында 0,71% мөлшерінде кездесетін мышьяк (күшәлә) толығымен залалсыздандырылады.

Кенді өңдеуге қатысты технологиялық зерттеулер Қазақ тау-кен металлургия институты мен "Қазалтын" комбинатының Орталық зертханасы

тарапынан жүргізілген. Бұл зерттеулер шөгу қалдықтарын флотациялау, негізгі флотация қалдықтарындағы құм фракцияларын бақылау флотациясымен гидроциклондау секілді технологиялық операциялардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік берді.

Кенорынның ішкі құрылымдық ерекшеліктері біртекті емес, бұл оның геологиялық түзілу үдерісінің күрделілігін айғақтайды. Кендердің морфологиясына байланысты олар келесі типтерге бөлінеді: массивті, массивті-қиылысқан, жолақты, брекчия тәрізді және толық брекчиялы құрылымдар. Аталған құрылымдар желілік және қабатты типтегі барлық кен денелеріне тән болып табылады.

2.9 Гидрогеологиялық жағдайы

Бестөбе кенорны мен оның маңындағы аймақтарда жарықшақ типті жер асты сулары ордовик дәуіріне тән туфогенді-шөгінді жыныстарда кеңінен таралған. Бұл жыныстар, негізінен, түрлі түйіршікті тақтатастар мен құмтастардан тұратын қабаттармен сипатталады. Жерасты суларының негізгі коллекторы — құмтас пен тақтатас араласқан тау жыныстары, олардың су өткізгіштігі жарықшақтардың жиілігі мен тереңдігіне тәуелді. Бұл түзілімдер тереңдеген сайын су өткізбейтін қасиетке ие болады.


«Гипрозолото» ұйымының зерттеу нәтижелері бойынша, жарықшақ сулары кенорын арқылы солтүстік-шығыс бағытта шамамен 10 км-ге созылып жатқан кең ауқымды белдеуде шоғырланған. Бұл сулар түрлі тау-кен қазбалары, барлау ұңғымалары және шахталық құдықтар арқылы ашылған. Шахталарда жүргізілген гидрологиялық бақылаулардың нәтижелері бойынша, судың ең белсенді айналым аймағы 45–60 метр тереңдікте орналасқан, яғни бұл ордовиктік жыныстардың жарықшақтарға ең бай қабаттарына сәйкес келеді.

Тау-кен қазбаларына су ағуын көпжылдық жүйелі бақылау негізінде, су келімдерінің шамамен тұрақты деңгейде болатыны анықталған. Бұл жағдай сулы қабаттардың динамикалық қорлармен жақсы толығып отыратынын көрсетеді. Жыныстардың сүзгілік қасиеті Дюпюи формуласымен бағаланған, сүзу коэффициенті тәулігіне 0,07–0,42 м аралығында екені анықталған. Жер асты сулары әлсіз минералданған, қаттылық көрсеткіштері 3,9-дан 12,0 мг-экв/л аралығында өзгеріп отырады, бұл олардың жер үсті суларымен белсенді түрде алмасу процесін көрсетеді.

Кеніштен солтүстік-батыс бағытта 7,5 км қашықтықта Тамсор ойысы орналасқан. Оның төменгі бөлігінде көмір дәуіріне жататын шөгінділер ішінде айналымда жүрген кремнийлі тақтатас қабаттары байқалады. Мульданың шығыс шетінде бұл шөгінділер бірнеше ондаған шақырымға созылып, ені 200–300 метрлік тар жолақ түрінде кездеседі. Мұндағы сулы қабаттың қалыңдығы тұрақты емес, 4,75–96,5 м аралығында ауытқиды, ал жер асты суларының деңгейі 3,0–19,95 м тереңдікте орналасқан.

1958 жылғы Торғай гидрогеологиялық экспедициясы (Данилов партиясы) жасаған мәліметтерге сүйенсек, Тамсор мұльдасындағы кремнийлі эктастар мен

спонголиттердегі жер асты суларының статикалық қоры тәулігіне 172 миллион м³-ке дейін, ал динамикалық қоры тәулігіне шамамен 66 000 м³ құрайды. Бұл сулардың минералдануы 3 г/л-ден аспайды, ал жалпы қаттылығы – 3,5 мг-экв/л деңгейінде тіркелген [4].



2.1 – сурет – Бестөбе кен орнының геологиялық картасы

3 Тау-кен жұмыстары

3.1 Кеніш өнімділігі

Бестөбе кен орнының есептік қоры, түсім қоры, қызмет ету мерзімі және жылдық өнімділігі келесі формулалармен есептелінеді:

Есептік қор:

$$Q_{e1} = L \cdot m \cdot l \cdot \gamma = 250 \cdot 4 \cdot 75 \cdot 19,32 = 1\,449\,000 \text{ т}, \quad (3.1)$$

$$Q_{e2} = L \cdot m \cdot l \cdot \gamma = 400 \cdot 3 \cdot 150 \cdot 19,32 = 3\,477\,600 \text{ т}, \quad (3.2)$$

$$Q_{e \text{ жалпы}} = 1\,449\,000 + 3\,477\,600 = 4\,926\,600 \text{ т}, \quad (3.3)$$

Түсім қор:

$$Q_{\text{т}} = Q_e \cdot \frac{k_{\text{түс}}}{1 - \rho} = 4\,926\,600 \cdot \frac{0,92}{1 - 0,07} = 4\,778\,802 \text{ т}, \quad (3.4)$$

Тейлор формуласы:

$$T_p = 0,3 \sqrt[4]{Q_e} = 0,3 \cdot 47 = 14 \text{ жыл}, \quad (3.5)$$

Жылдық өнімділік:

$$A_{\text{ж}} = \frac{Q_e}{T_p} = \frac{4\,778\,802}{14} = 341\,343 \text{ т/жыл}, \quad (3.6)$$

Қызмет ету мерзімі:

$$T_{\text{жыл}} = 3 + 14 + 4 = 21 \text{ жыл}, \quad (3.7)$$

3.2 Ашу тәсілдері

Жерасты кен орнын көлбеу оқпанмен скипті көтергіш жүйе арқылы ашу қарастырылған. Бұл жүйе кен денелеріне көлбеу-көлік уклондары арқылы қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Ашылатын қорларды игеру 60 және 80 метрлік қабат биіктіктерімен жүргізіледі, бұл жобаланған тау-кен блоктарының өлшемдеріне сәйкес келеді. 340 метрлік горизонттан (белгісі +136 м) жоғары қабаттарда биіктік 80 м болып қабылданған, ал қалған бөліктерде қабат биіктігі 60 м құрайды.

Әрбір горизонт квершлагтармен, қабаттық жүріс штректермен, ал кейбір деңгейлерде жатып жатқан қабаттағы жыныстар арқылы жүргізілген далалық

штректермен ашылады. 400 метрлік горизонтқа дейінгі (белгісі +76 м) қабаттық қазбаларға қол жеткізу «Басты», «РЭШ-1» оқпандары және №1 мен №2 көлбеу-көлік съездері арқылы қамтамасыз етіледі. Ал 400 метр горизонтының астындағы аймақтарға қолжетімділік «Басты» оқпан, №1 көлбеу-көлік съезі және шығыс бағытындағы көлік уклоны арқылы жүзеге асырылады.

Жерасты кенішінде жер бетіне шығатын үш тәуелсіз шығу жолы қарастырылған:

- 1) №1 көлбеу-көлік съезі арқылы — кеніштің орталық бөлігінде;
- 2) «РЭШ-1» және «Басты» оқпандары арқылы — оңтүстік бөлігінде;
- 3) №2 көлбеу-көлік съезі арқылы — кеніштің шығыс флангында.

Кен орнының флангтарында желдету-лифттік көтергіштер орналастырылған, ал горизонттар бір-бірімен желдеткіш және жүріс бағытындағы көтергіш қазбалар арқылы жалғасады. Барлық көтергіш қазбаларда баспалдақ бөліктері қарастырылған, олар апат жағдайында адамдардың эвакуациясы, желдеткіш каналдардың жағдайын бақылау және жөндеу жұмыстары үшін пайдаланылады.

Горизонттар арасында адамдарды механикаландырылған түрде тасымалдау дизельді көлік құралдары арқылы көлбеу-көлік съездерімен және қабаттық штректермен жүзеге асырылады. Сонымен қатар, клетьті көтергіштері бар оқпандар арқылы да тасымалдау қарастырылған.

Ашу тәсілін таңдау:

$$K_{\text{шек}} = \frac{K_{\text{түс}} \cdot (C_{\text{ж}} - C_{\text{а}})}{C_{\text{ашу}}} = \frac{0.92 \cdot (20\,000 - 10\,000)}{8000} = 1,15, \quad (3.8)$$

мұндағы $K_{\text{шек}}$ – ашық әдіспен өндіру кезіндегі кен алу коэффициенті;

$C_{\text{ж}}$ – жерасты өндіру өзіндік құны, 20 000 тг/т;

$C_{\text{а}}$ – ашық өндіру өзіндік құны, 10 000 тг/т;

$C_{\text{ашу}}$ – аршудың өзіндік құны, 8000 тг/т.

Б.П. Боголюбов формуласы бойынша ашық әдіспен өндірудің шектік рұқсат етілген тереңдігін есептеу:

